

**Қарағанды облысында білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы**

**«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК
2022 жылға арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Қарағанды 2022

КЕЛІСІЛДІ

Қарағанды облысының

Білім басқармасының басшысы

 Г. Ш. Кожаметова

«29»  2021 ж.

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысында ББД ОӘО

директоры

 Б. Х. Абдикерова

«29»  2021 ж.



**«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КМҚК
2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

«Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК 2021 жылғы негізгі іс-шаралары

Функционалдық сауаттылықты дамыту апталығы

2021 жылғы 18 қаңтар мен 24 сәуір аралығында Қарағанды облысының барлық білім беру ұйымдарында функционалдық сауаттылықты дамыту апталықтары өткізілді.

Тақырыбы	Мерзімі
Оқу сауаттылығы апталығы «XXI ғасыр - сауатты ұрпақ ғасыры!»	18-23.01.2021
Математикалық сауаттылық апталығы «Біздің айналамыздағы Математика»	25-30.01.2021
Ақпараттық сауаттылық апталығы «Сандық әлем»	01-06.02.2021
Құқықтық сауаттылық апталығы «Құқықтық навигатор»	08-13.02.2021
Дене сауаттылық апталығы «Дені саудың – жаны сау»	15-20.02.2021
Қаржылық сауаттылық апталығы «Қаржы әлемі»	22-27.02.2021
Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтың біріктірілген апталығы: «Ғылым, техника, табиғат» және үштілді білім беру	12-17.04.2021
Экологиялық сауаттылық апталығы «Жасыл Қазақстан»	19-24.04.2021

Педагогикалық қоғамдастықтың қатысуымен өткізілген форумдар, конференциялар

2021 жылдың 12 ақпанында онлайн форматта Қарағанды облысының білім беру оқу-әдістемелік орталығы мен Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің ұйымдастыруымен білім беру саласындағы **әлеуметтік-педагогикалық инновациялардың IV облыстық жәрмеңкесі** өтті.

Биылғы жылы дарынды педагог қызметкерлерді анықтау, олардың кәсіби өсуі, инновациялық идеялар мен әзірлемелер тарату мүмкіндігі мақсатында өткізілген жәрмеңкеге біздің облысымыздың ғана емес, республикамыздың Алматы, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарының және жақын шетел – Ресейдің барлық деңгейдегі ұйымдарының 265 педагогі қатысты.

Жәрмеңкенің ашылу салтанатында және жұмыс барысында қонақтар, бақылаушылар және қазылар алқасы ретінде «Talar» МЕАҚ, Е.А.

Бөкетоватындағы Қарағанды университетінің өкілдері, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қарағанды, Теміртау, Саран қалаларының білім бөлімдері қатысты.

Бағдарламаға сәйкес, салтанатты ашылудан кейін Padlet білім беру платформасы арқылы көрме залының жұмысы (зияткерлік өнімді ұсыну) және ZOOM платформасында диалогтік, таныстыру алаңдарының жұмысы жүргізілді.

2021 жылдың 19 ақпанында Қарағанды облысының дене шынықтыру мұғалімдерінің «Ел болашағы - шынайы ұрпақ» форумы өтті. Бұл іс-шара дене шынықтыруды қалыптастыру проблемаларына назар аудару, бұқаралық спортты дамыту, ашық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу арқылы педагогтар мен оқушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында өткізілді.

Форум аясында төрт пікірталас алаңы өткізілді, онда Украинаның, Грузияның жетекші дене шынықтыру мұғалімдері мен қонақтарының қатысуымен оқу-тәрбие процесінің негізгі мәселелері бойынша мастер-кластар: «Тәлімгерлік», «Біз біргеміз» жобасы + «COOL GAMES KZ» - белсенді ойындары», «Дене шынықтыру сабақтарында инклюзивті білім беру», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы дене шынықтыру жұмысы» өткізілді. Форумға 900 адам қатысты.

2021 жылдың 15 наурызында Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері мен оқытушылары арасында Әлихан Бөкейханның 155 жылдығына және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Әлихан Бөкейхан: ҰЛЫ МҰРАТ ЖОЛЫНДА» атты облыстық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді. Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әміров Есжан Сарманқұлұлы, Қарағанды облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Жүнісова Гүлбақыт Серікжанқызы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Абдикерова Бақытқұл Химальдиновна, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Бейсенбекова Нұрсахан Ахметқызы, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты Мұсабеков Еркін Кәрібайұлы баяндама жасады.

Конференция екі секциялық бағыт бойынша өткізілді:

Бірінші бағыт: «А.Н. Бөкейханов - ұлы идеал жолындағы көшбасшы» (қоғам қайраткері көзқарастарының өзектілігі, қоғамды жаңғырту проблемалары және «Мәңгілік Ел» идеясының қағидаттарымен тарихи сабақтастығы туралы);

Екінші бағыт: «Ә.Н.Бөкейханов және оның рухани мұрасы» (аудармашы, әдебиет сыншысы, ағартушы, педагог, публицист, энциклопедист).

Ғылыми-практикалық конференцияға 80-ге жуық жұмыс пен өтінім келіп түсті, олардың ішінде колледж оқытушылары-25, облыс колледждерінің студенттері-30, сондай-ақ конференция жұмысына Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенті Ғазизов Нұрай Сәулетұлы және Ә.Бөкейханов атындағы жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушысы Жылыбаева Жанна, жетекшісі Ақмолдина Төлеутай Қойкенқызы қатысты.

2021 жылғы 19 наурызда «Білім беру мазмұнын жаңарту: жағдай жасаудан тиімді нәтижеге дейін» мектепке дейінгі қызметкерлердің ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференция екі бөлімнен тұрды: пленарлық отырыс және WORKSHOP шеберханасы. Конференцияға мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, психологтер, логопедтер, әдіскерлер, балабақшалар мен шағын орталықтардың тәрбиешілері, мектепалды даярлық сыныптардың тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері, сондай-ақ ЖОО, колледж оқытушылары, ғылыми қызметкерлер, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері қатысты. ҒТК-ға қатысу үшін конференцияның негізгі бағыттары бойынша 296 мақала келіп түсті. Оның ішінде 197-сі рецензиядан өтті, 99-ы қабылданбады. Барлық мақалалар ББД ОӘО-да плагиатқа қарсы бағдарламада тексеріліп, ұсынылған материалдардың ғылыми, логикалық және практикалық маңыздылығы бағаланды. Рецензиядан өткен барлық мақалалар ББД ОӘО ҒПК электронды жинағында жарияланады.

3-11 мамыр аралығында кәсіби бағдар бойынша «Болашаққа билет» форумы өткізілді. Қарағанды облысының білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін арттыру, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына көмек көрсету мақсатында «Болашаққа билет» форумы ұйымдастырылды. Форум аясында келесі бағыттар бойынша алаңдар өткізілді: «Кәсіптер жәрмеңкесі», «Үздік авторлық бағдарлама» шеберлік сыныптары, «Үздік кәсіби бағдар беруші» байқауы, «Оқушылардың бизнес стартап жобалары» байқауы, «Жаңа кәсіптер атласы» бейнероликтер байқауы. Барлығы 5000-нан астам педагог қатысты.

2021 жылдың 05 мамырында online форматында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қарағанды облысының білім беру ұйымдары кітапханашыларының форумы өтті.

Форум жұмысына Қарағанды облысы білім басқармасының мамандары, оқу-әдістемелік орталықтың әдіскерлері, аудандық және қалалық

білім бөлімдерінің кітапхана жұмысына жетекшілік ететін мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың, мектептердің, гимназиялардың, лицейлердің, облыстық мектеп-интернаттардың, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының кітапханашылары қатысты.

Білім беру ұйымдарының кітапханалары жұмысының өзекті мәселелері бойынша 4 пікірталас алаңы жұмыс жасады:

- Отбасылық оқу дәстүрлерін жаңғыртудағы кітапхананың рөлі;
- Кітапхана жұмысында ақпараттық технологияларды қолдану;
- Кітапханашының кәсіби мәдениеті;
- Техникалық және кәсіптік білім берудегі кітапханашылардың жұмысы.

Пленарлық отырысты алғы сөзімен Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы Г. Ш. Қожахметова ашты.

Пленарлық отырыс барысында 30 жылдан астам жұмыс өтілі бар Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының 27 кітапханашысы марапатталды.

Форумға Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының 400 кітапханашысы қатысты.

2021 жылдың 13-14 мамырында Қарағанды облысы педагогтерінің «Функционалдық сауаттылық – білім беру сапасын арттырудың маңызды шарты» атты ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Ғылыми-практикалық конференция педагогтердің зерттеу және шығармашылық жұмысын қорытындылаудың ұйымдастырушылық нысаны болып табылады. Конференцияның мақсаты – заманауи мектепте функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытуда педагогтерге ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету. Жалпы пленарлық отырыс 13 секция бойынша өткізілді, онда облыс педагогтері оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмысын ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Облыс педагогтерінен барлығы 456 мақала келіп түсті, оның ішінде 298-і рецензиядан өтті, 158-і қабылданбады. Барлық мақалалар ББД ОӘО-да плагиатқа қарсы бағдарламада тексеріліп, ұсынылған материалдардың ғылыми, логикалық және практикалық маңыздылығы бағаланды. Рецензиядан өткен барлық мақалалар ББД ОӘО ҒПК электронды жинағында жарияланады.

2021 жылдың 21 мамырында ZOOM платформасы арқылы «Студенттік хоббиден табысты бизнеске дейін» облыстық дайын өнімдер жәрмеңкесі өткізілді. Үшінші жыл қатарынан Ж.К.Бөкенов атындағы Қарағанды банк колледжінің бастамасы бойынша кәсіпкерлікті дамыту және кәсіпкерлік қызметке қызығушылықты ынталандыру

мақсатында Қарағанды облысының ТЖКБ экономикалық пәндер оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігінің бірлескен жұмысы аясында жүргізілді.

Биылғы жәрмеңке форматы өткен жылдардан өзгеше болды. Жәрмеңке онлайн режимінде өтті, онда студенттер мен оқушылардың өнімдері презентация форматында ұсынылды.

ZOOM платформасында жәрмеңкені ұйымдастырушылар «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының банк саласы және қаланың шағын несие ұйымдарының өкілдері атынан әлеуметтік серіктестері сөз сөйледі.

Жәрмеңкеге қатысушылар – оқушылар мен студенттер – көптеген бизнес-идеялары мен жәрмеңкеде ұсынылған өнімдерге негіз болған өздерінің қызығушылықтарымен және хоббилерімен бөлісті.

Қарағанды облысының 27 колледжі мен 16 мектебінің 160-тан астам студенттері мен оқушылары handmade қағидаты бойынша өз бұйымдарын (жұмыстарын) әртүрлі және өте қызықты техника мен нысанда: картиналар, әшекейлер, ойыншықтар, ашық хаттар, кәдесыйлар, тоқылған бұйымдар, аспаздық өнімдер және т.б. түрде таныстырды.

Студенттер мен мектеп оқушыларын бастапқы START-Up-та пікір қалдырып немесе лайк қоя отырып қолдауға, оларға кәсіпкерлікте табыс тілеуге болады.

Жәрмеңке өнімдерін сайттан <https://sites.google.com/view/karbc-3obl-yarmarka>. көруге, тіпті сатып алуға болады.

2021 жылғы 21-22 мамыр аралығында облыстық «Туған өлке сырлары» жобасы аясында өлкетану мұғалімдері үшін ZOOM платформасында онлайн режимінде Қарағанды облысының бірегей феноменін зерделеу, өлкетанудың әлеуетін ашу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, табиғат, тарих және мәдениет ерекшеліктерін терең түсіну мақсатында тарих және география мұғалімдері үшін форум өткізілді. Форум 4 пікірталас алаңы мен пленарлық бөлімнен тұрды, облыстың 1000-нан астам педагогі қатысты.

2021 жылғы 28 мамырда «Әжемнің ертегісі» облыстық форумы өткізілді. Форум екі бағытта өтті: пленарлық бөлім, онда «Әжемнің ертегісі» жобасы аясында әр алаңның үздік жұмыстары ұсынылды. Алаң жұмысы үш бағыт бойынша жүргізілді: «Танымдық-шығармашылық қызмет», «Әлеуметтік-коммуникативтік, тілдік қызмет», «Көркем-эстетикалық қызмет». Форум жоғары деңгейде өтіп, педагогтер мен ата-аналар арасында қызығушылық тудырды, алаңдарда «Әжемнің ертегісі» жобасының 1-кезеңін іске асыру бойынша балабақшалардың жұмыс тәжірибесі көрсетілді.

Форум жұмысына 1000-нан астам педагог, Қарағанды облысының мектепке дейінгі ұйымдарының ата-аналары, сондай-ақ Ақмола, Атырау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарынан әріптестер қатысты.

23-25 маусым аралығында Ақтоғай ауданының «Факел» сауықтыру лагерінде Қарағанды облысы педагогтер қауымдастығының «Заманауи білімге бірлескен қадам» аттыжазғы лагері өтті. Оқу жылының қорытындысы бойынша облыстың үздік педагогтері кәсіби саладағы мінсіз еңбегі мен жетістіктері үшін ынталандыру ретінде бейресми жағдайда әңгімелесуге және жұмыс тәжірибесімен алмасуға мүмкіндік алды.

Осындай форматтағы іс-шара облыс білім басқармасының бастамасымен алғаш рет өткізілді. Мұғалімдерге арналған лагерьдісалалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының белсенді қолдауымен Қарағанды облысының «Өркен» мұғалімдер қауымдастығы мен оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырды.

Лагерь жұмысы аясында спорттық, танымдық, ойын-сауық және оқыту іс-шараларынан тұратын үш күндік бағдарлама жасалды. Лагерь жұмысына Қарағанды облысынан 114 педагог қатысты.

2021 жылдың 4 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, А.Байтұрсынұлының туған күніне орай және Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған «Алаштың Ахметі» атты облыстық конференциясы өткізілді. Конференцияны ұйымдастырушылар: Қарағанды облысының білім басқармасы, білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, А.Байтұрсынов атындағы мектеп-гимназиясы.

Конференцияның мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасын насихаттау.

Конференция барысында Алашқайраткерлерініңжәне Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасы, Қазақ әліпбиінің тарихы талқыланып, «Туған жер» бағдарламасы аясында ғылыми баяндамалар, мақалалар, зерттеу жұмыстары ұсынылды.

Конференцияға Қарағанды облысының білім басқармасы басшысының кеңесшісі, профессор, ҚР Ұлттық Білім академиясының корреспондент-мүшесі Контаев Сәбит Сейітұлы; Қарағанды қаласының білім бөлімінің басшысы Әшім Есентай Мұқатайұлы; Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Бейсенбекова Нұрсахан Ахметқызы; А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Имаханбет Райхан Сахыбекқызы; Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология

ғылымдарының докторы Жалмаханов Шапағат Шарапатұлы; білім беру бөлімдерінің, мектептердің басшылары, педагогтер, ахметтанушылар, алаштанушылар және жас ғалымдар мен мамандар қатысты.

Конференцияның пленарлық бөлімінде 5 жұмыс, секциялық бөлімінде үш бағыт бойынша 16 жұмыс тыңдалды. Әр бағыт бойынша арнайы сарапшылар тартылып, тыңдалған жұмыстар бойынша кері байланыс берілді.

Конференцияға барлығы 700-ге жуық адам қатысты.

2021 жылдың 8 қазанында Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қазақ аспанында – Қасым рухы» атты әдеби кеш өтті.

Әдеби кешке: Контаев Сабит Сеитович - Қазақстан Республикасы Ұлттық білім академиясының профессоры, Қарағанды облысының білім басқармасы басшысының кеңесшісі; Алтынбеков Бекзат Комарович - меценат, Қазақстан Республикасы Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты; Әшім Ерлан Мұқатайұлы - меценат, «Нәтиже» сүт комбинатының директоры; Смағұлова Ғазиза Ғабдуллақызы - Қарағанды облысындағы «Өрлеу» ҰБАО АҚ аға оқытушысы; Серік Сағынтай - ақын, жазушы, «Қасым» республикалық әдеби-қоғамдық журналының редакторы; Жарылғапов Жансая Жанғазыұлы - ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Қасымтану» зерттеу орталығының жетекшісі; Мырзахметов Алмас Әмірбекұлы - Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық университетінің Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, «Қасым» журналының жауапты хатшысы; Асқаров Қайрат Белгібайұлы – ақын, Қарағанды облысы Жастар ресурстық орталығының маманы, «Шабыт» халықаралық сыйлығының лауреаты және облыстың білім беру ұйымдарының оқытушылары қатысты.

Әдеби кеш аясында ақынның өмірі мен шығармашылығын дәріптейтін сөздер айтылып, өлеңдер оқылып, әндер шырқалды, сондай-ақ **«Боламын ақын Қасым әлі де мен...» атты облыстық челленджінің марапаттау рәсімі** жүргізілді. Жеңімпаздар Қарағанды облысы білім басқармасының алғыс хатымен және «Нәтиже» сүт комбинаты директорының арнайы марапатымен марапатталды.

26 қазан күні Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Қазақстандық білім беру жүйесіндегі дәстүрлер мен инновациялар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді.

Іс-шараның құрметті қонақтары - Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА президенті Бейсембаев Гани; «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Бейсенбекова Нұрсахан Ахметқызы; профессор Контаев Сәбит Сейтұлы; А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқытушысы Оспанов Серікбай; Ы.Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық

мемориалдық музейінің қызметкері Шектыбаева Назгуль; «Volashaq» академиясының профессоры Хамзин Мауен; Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің оқытушысы Тұрсынова Мархаба; «Өрлеу» БАҰО оқытушылары Ғазиза Смағұлова мен Гүлнар Ибрагимова; Шет ауданының білім беру бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Бақаев Дат; «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жетекшісі Айтбай Жұмағұлов; №101 мектеп-лицейінің директоры Кенешова Раиса.

Конференция барысында Ыбырай Алтынсариннің ғылыми-педагогикалық мұрасы талқыланды. Облыс педагогтері жанартылған білім беру мазмұнының мәселелері мен шешімдерін, білім берудегі инновациялық технологияларды және олардың маңыздылығын, оқу үрдісіндегі мектеп кітапханасының рөлін қозғайтын қызықты және жан-жақты жобалар мен жұмыстарды ұсынды.

2021 жылдың 15-30 қараша аралығында оқу-әдістемелік орталығы облыстық «Жыл мұғалімі» байқауының екінші кезеңін өткізді.

Байқауға облыстың 17 өңірінің, арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының, облыстық мамандандырылған мектеп-интернаттардың педагогтері қатысты. Байқау барысында әр педагог оқу сабағын және сыныптан тыс іс-шарасын көрсетті.

10 желтоқсан күні облыстық «Жыл мұғалімі» байқауының ақтық кезеңі өтті. Байқау педагог кәсібінің мәртебесін арттыруға және мұғалімдердің кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталды. Байқаудың іріктеу кезеңі онлайн режимінде өткізілді.

2021 жылғы 03-04 желтоқсанында «Roboland – 2021» робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың VI фестивалі өтті. Фестивальге Қазақстанның түкпір-түкпірінен мектеп жасына дейінгі балалардан бастап студенттерге дейінгі жас шектеуінсіз үш жүзге жуық қатысушы өтінімдерін берді. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан, Павлодар, Жамбыл, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Алматы, Қостанай, Ақмола және Қарағанды облыстарынан 141 команда келді. Жарыстар үшін санитарлық талаптарға сәйкес келетін 12 санат таңдалды. Жарыс аяқталғаннан кейін әр категория бойынша бірден қорытындысы шығарылып, бағалары қойылды. **I орынды** – Қарағанды облысының құрамасы, **II орынды**– Павлодар облысының құрамасы, **III орынды**– Нұр-Сұлтан қаласының құрамасы иеленді.

2021 жылдың 9 желтоқсанында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағдары» атты жас педагогтердің **форумы** өткізілді. Форум барысында мектепке дейінгі ұйымдардан ТжКБ-ға дейінгі білім беру процесінің өзекті мәселелері бойынша пікірталас алаңдары

өткізілсе, күннің екінші жартысында әдістемелік кабинет меңгерушілерінің, педагогикалық еңбек ардагерлерінің, ата-аналар қоғамының қатысуымен пленарлық отырыс өтті. Қарағанды облысының 500 педагогі қамтылды.

2021 жылдың 28 желтоқсанында «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясы аясында «Оқырман отбасы» облыстық байқауының финалдық кезеңі өткізілді. «Буктрейлер» және «Сахналық қойылым» номинациялары бойынша жұмыстың қорытындысы шығарылды. Байқау қорытындысы бойынша 14 отбасы марапатталды.

«Ізденіс» газеті.

2021 жылы газеттің таралымы 5000-нан астам дананы құрады: қаңтар айында – 5680, желтоқсан айында - 4520. 2021 жылы шыққан газет нөмірлерінің жалпы саны – 24. 2021 жылы редакцияға облыс педагогтерінен 508 материал келіп түсті, оның ішінде 148 мақала (30%) басылды, 339 рецензиялаудан өтпеді және қабылданбады.

Мақаланың жарияланбауының себептері: автордың газетке жазылуының болмауы; газет тақырыбына сәйкес келмеуі, яғни мақала білімге қатысты емес тақырыпта жазылуы; мәтіндегі плагиаттың 50% - дан астам болуы; тақырыптардың ескірген және өзекті болмауы.

2021 жылы заманауи білім берудің өзекті мәселелері бойынша айдарлар, атап айтқанда Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Жасампаздыққа толы жылдар», «Мәңгілік Ел алыптары» айдары тұрақты негізде жұмыс жүргізілді.

Редакция қызметкерлері қараша айында жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша XIV Президенттік олимпиаданы өткізуге арналған «Олимпиада жаршысы» арнайы жинағын жинақтады. Сонымен қатар, бөлім редакторлары республикалық «Білімді ел» газеті мен облыстық «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда» басылымдары үшін бірнеше материалдар дайындады.

Редакциялық-баспа бөлімінің баспа станогында 2021 жылы 2 654 сертификат пен грамота басып шығарылды.

Ұсынылған бағыттар бойынша 2021 жылы оқу-әдістемелік орталықтың жұмысын талдау негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- ұжым жұмысы 2021 жылға қойылған міндеттерге сәйкес жүргізілді;
- Қарағанды облысының білім беру кеңістігінде «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру үшін жағдай жасалған;
- білім беру ұйымдары педагогтерінің, білім бөлімдері мамандарының, қалалық және аудандық әдістемелік кабинеттер әдіскерлерінің, әлеуметтік әріптестердің өзара іс-қимылы шеңберінде әдістемелік қоғамдастық ұйымдастырылды, әдістемелік сүйемелдеудің вертикалі құрылды, педагогтердің үздіксіз кәсіби даму моделі енгізілді;

- әдістемелік жұмыстың мазмұны, түрлері мен әдістері педагогтердің мемлекеттік және білім беру қажеттіліктерінің заманауи талаптарына сәйкес келді;

- оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдері меңгерілуде;

- мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жобалық технологияларды сүйемелдеу жүзеге асырылды.

2021 жылдың өзекті мәселелері анықталды:

1. Шалғай өңірлердің педагогтері өңірлердегі интернет жылдамдығының төмендігіне байланысты әрдайым электронды журналды уақытылы толтыра бермейді, оқыту семинарлары мен жиналыстарына қатыса алмайды.

2. Әдістемелік кабинеттер білім беру сапасын арттыруға, 9, 11-сынып білім алушыларын мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындау бойынша педагогтермен жұмысқа және білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды түзету бойынша жұмысқа жеткілікті көңіл бөлмейді.

3. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша педагогтердің эксперименттік-зерттеу жұмысының төмендігі.

4. Педагогтердің ғылыми-практикалық конференциялар мен «Ізденіс» газетіне жариялау үшін ұсынатын материалдарының сапа деңгейінің төмендігі.

5. Әдістемелік құралдарды, ұсынымдарды, оқытудың көрнекі құралдарын әзірлеу және басып шығару бойынша педагогтердің белсенділігінің төмендігі.

6. «Жас сарбаз» сыныптарының жұмысын ұйымдастыру бойынша білім бөлімдерінің мамандары мен әдіскерлері тарапынан әдістемелік сүйемелдеудің және бақылаудың болмауы.

7. Қаражал, Приозерск, Сәтбаев қалалары, Ақтоғай, Ұлытау, Жаңаарқа және Қарқаралы аудандары педагогтерінің, мамандандырылған мектеп-интернаттары педагогтерінің «Тәрбие жұмысы» бағыты бойынша педагогикалық шеберлік байқауларына қатысу белсенділігінің төмендігі.

8. Қашықтықтан оқытуға көшуге байланысты білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыру жөніндегі облыстық жоспардың орындалмауы, кәсіптік бағдарлау қызметін жүргізуге қабілетті психологтер мен кәсіптік консультанттардың біліктілігінің жеткіліксіздігі.

9. Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиелеу бағдарламаларын іске асыру нәтижелілігінің төмендігі.

«Техникалық және кәсіптік білім беру» бағыты бойынша:

1. ТЖКББ ұйымдарының қашықтан оқыту кезінде карантин кезінде пайда болған білім алушылардың білімдеріндегі, дағдыларындағы және практикалық дағдыларындағы олқылықтардың орнын толтыру бойынша іс-шараларды формальды өткізу;

2. Студенттердің оқу мәдениетінің деңгейін арттыру және оқырман белсенділігін арттыру мақсатында әзірленген оқуды дәріптеуге арналған

«Оқырман колледжі» жобасының жұмысында ТЖКББ кітапхана меңгерушілері мен ұйым кітапханашыларының белсенділігінің төмен болуы;

3. Педагогтер үшін мемлекеттік тілде инклюзивті білім беру бойынша семинарлардың жетіспеушілігі;

4. Колледждердегі инклюзивті білім беру бойынша әдістемеліктің төмен деңгейде болуы;

5. DeafSkills және Abilympics қозғалыстарына студенттердің қатысуының аздығы;

6. «Колледждердің Топ-100 студентіне» қатысуға үміткерлерді даярлаудың деңгейінің әлсіздігі;

7. Колледждерде WorldSkills Karaganda өңірлік чемпионатына қатысушылардың дайындығының жеткіліксіздігі, сондай-ақ құзыреттілік орталықтары базасында жаттығу сабақтарының өткізілмеуі;

8. Барлық мемлекеттік колледждерде жұмыспен қамту және мансап орталықтарын құру бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымдардың, құралдардың жеткіліксіздігі.

2022 жылға арналған «Қарағанды облысында білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК негізгі міндеттері

Мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің міндеттері

1. «Сырттай балабақша», «Жас ата-аналар мектебі», «Жас оқырман», «Зерек» жобаларын іске асыруды, 4К моделін қолдануды қамтамасыз ете отырып, балалардың ерте дамуы үшін жағдай жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру.

2. «Мектепке дейінгі - Мектеп - Колледж» жүйесінде бірыңғай білім беру ортасын құру бойынша жұмыс жүргізу.

3. Инновациялық жобалар мен цифрлық білім беру ресурстарын енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру, оларды оқу-тәрбие процесінде 100% пайдалануды қамтамасыз ету.

4. «Бір отбасы – бір кітап» жобасын іске асыруды қамтамасыз ету.

5. Ресурстық орталықтардың жұмысын үйлестіруді, сессиялық және сессияаралық кезеңдерде олардың магниттік мектептермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

6. Білім берудің барлық деңгейлерінде білім беру ортасының қолжетімділігі мен инклюзивтілігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру:

- инклюзивті практиканың оқу-әдістемелік ресурстарын жетілдіру (оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді бейімдеу);

- балаларға жеке психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру;

- инклюзивті тәжірибе мәселелері бойынша педагогтердің құзыреттілігін арттыру;

- ата-аналар қауымдастығымен бірлесе отырып, ерекше білімділікті қажет ететін балаларға түзету-педагогикалық қолдау және білім алу мәселелері бойынша ақпараттық және ағарту жұмыстарын жүргізу.

7. Қала және ауыл мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту бойынша жұмыс жүргізу:

- «Ауыл мектебі» жобасын жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- біріктірілген сыныптарда оқу үдерісін ұйымдастырудың проблемалық мәселелері бойынша ШЖМ педагогтерін курс, семинар және тренингтермен қамтамасыз ету;

- ресурстық орталықтардың жұмысын үйлестіруді, олардың магниттік мектептермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

- «Қала-ауыл» бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмысты жандандыру;

- мектеп жанындағы интернаттардың қызметін ұйымдастыру бойынша жұмысты күшейту.

8. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс жүргізу.

9. Дарынды педагогтерді қолдау бойынша сараптамалық және кәсіби бірлестіктерді қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып, Қарағанды облысының «Өркен» педагогикалық қызметкерлер қауымдастығы облыстық қоғамдық бірлестігінің жұмысын жалғастыру.

10. Облыс педагогтерінің озық тәжірибелерін, оның ішінде сабақтар мен бейнесабақтарды орналастыру үшін бірыңғай платформа құру арқылы жалпылау және тарату бойынша жұмыс жүргізу.

11. PISA-2022 халықаралық зерттеуіне қатысушылардың білім беру жетістіктерінің нәтижелерін, оның ішінде:

- 4, 5-8 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған «Зейін» жобасын іске асыру;

- облыс мектептерінде PISA-2022 халықаралық зерттеулеріне оқушыларды дайындау бойынша пән-педагогтарды оқытуды жүргізу.

12. Білім алушылардың білім сапасына мониторинг және оқу пәндері бойынша бақылау кесімдерін жүргізу.

13. Білім саласындағы олқылықтардың орнын толтыру бойынша білім алушылар үшін Жазғы мектептің жұмысын жалғастыру.

14. 4-9 сынып оқушыларының білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу.

15. Мектептерде кәсіптік бағдарлау кабинеттерін ашу бойынша олардың санын 315-тен 335 бірлікке дейін ұлғайтып, жұмыс жүргізу.

16. 7-10 сынып оқушыларының облыс колледждері базасында ұйымдастырылған кәсіби сынақтарға барынша қатысуын қамтамасыз ету.

17. Сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік материалдар әзірлеу.

18. Облыстың әдістемелік қызметтерінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ету.

19. «Білімал» АБЖ ұйымдастыруды және сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

20. «Жаһандық құзыреттілік» курсына әдістемелік қолдау көрсету.

Қосымша білім беру және білім беру тәрбиелік бастамаларын дамыту бөлімінің міндеттері.

1. Облыстың білім беру ұйымдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру.
2. «Мектеп Парламенті» оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының, балалар өкілдіктерінің Балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау.
3. «Қоғамға қызмет ету», «Ұлы Даланың ұлы есімдері», «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар және театр» жобаларын іске асыруды қамтамасыз ету.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру, «Адал ұрпақ» клубтарының жұмысын жандандыру.
5. Мектеп мұражайларының үлесін 53% - дан 61% - ға дейін (269-дан 310 бірлікке дейін) ұлғайту жөніндегі жұмысты жалғастыру.
6. Балалар мен жастарды рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық адамгершілік-жыныстық тәрбиелеуге, белсенді азаматтық ұстанымды, парасаттылықты қалыптастыруға, киберқауіпсіздікті, кибергигиенаны, киберкультураны репродуктивті денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмысты жүргізу.
7. Білім беру ұйымдары мен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын енгізуді қамтамасыз ету, оның ішінде «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Жеңгелер мектебі», «Ағалар мектебі», «Педагогикалық консилиум» және т.б. жобаларды іске асыру.
8. Ата-аналар қауымын барынша қамти отырып, облыстық жалпы ата-аналар жиналыстарын онлайн режимінде өткізу жөніндегі жұмысты жалғастыру.
9. «Отбасы сағаты», «Оқырман отбасы», «Бір отбасы – бір кітап», «Туған жерге тағзым» жобаларын іске асыруды жалғастыру.
10. «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасын интеграциялау арқылы тәрбие кеңістігін жаңғыртуды қамтамасыз ету.
11. Оқушылар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыстың нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша проблемалық семинарлар өткізу.
12. Нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, АИТВ-инфекциясының алдын алу жөніндегі жұмысты жалғастыру.
13. Балалар мен жастардың өмір сүру қауіпсіздігін, денсаулығын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру:
 - «Ақпараттық мәдениет. Медиасауаттылық», «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз интернет», «Қауіпсіз жаз» акциялары;
14. Педагогтер арасында түрлі бағыттар бойынша облыстық шығармашылық байқаулар мен фестивальдерді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмысты жалғастыру.
15. Қоғамға әлеуметтендіру мен интеграцияны қамтамасыз ету мақсатында арнайы мектеп-интернаттардың оқушыларымен кәсіптік бағдарлау жөніндегі жұмысты жалғастыру.

16. ҮЕҰ және мүдделі құрылымдар мен ведомстволардың қатысуымен ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу.

17. Қарағанды облысында патронаттық тәрбиені дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

18. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының, ведомстволық білім беру ұйымдарының мамандары, аутодеструктивті мінез-құлық мәселелеріне жетекшілік ететін қалалар мен аудандардың білім бөлімдерінің мамандары үшін, олардың Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы құзыреттілігін арттыру бойынша семинарлар, тренингтер өткізу.

19. Бала құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жасау және жасөспірімдер арасында суицидтік мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасын, Әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

20. «Мектеп қауіпсіздігі командасы» жобасын іске асыруды жалғастыру.

21. «Балалар қауіпсіздігі жөніндегі жаттықтырушы» жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

22. Қарағанды облысының білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарды іске асыруды жалғастыру.

Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің міндеттері.

1. ТЖКББ ұйымдардың білім беру процесіне оқытудың қазіргі заманғы технологияларын енгізуді қамтамасыз ету.

2. Үздік педагогтерді тарта отырып, цифрлық ресурстар каталогын қалыптастыру, жаңа білім беру және әдістемелік ресурстармен толықтыру бойынша жұмыс жүргізу.

3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру және кадрлар даярлау саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

4. «Жас маман» жобасы шеңберінде 15 колледж базасында құрылған құзыреттер орталықтарының қызметін әдістемелік сүйемелдеу.

5. Құзыреттілік орталықтары базасында инновациялық жобаларды қолдау үшін стартап-алаңдар, WorldSkills жаттығу полигондарын құру бойынша жұмысты ұйымдастыру.

6. Халықаралық стандарттарды, оның ішінде WorldSkills ескере отырып, неғұрлым талап етілетін және перспективалы кәсіптер мен мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын енгізу.

7. Облыстың 15 колледжінде жоғары оқу орындарымен интеграцияланған қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша жұмысты жалғастыру.

8. Облыс колледждерінде «Электрондық сессия» жобасын іске асыруды жалғастыру.

9. Ерекше білімділікті қажет ететін адамдардың техникалық және кәсіптік білімге қол жеткізуін қамтамасыз ететін колледждерді әдістемелік сүйемелдеу жөніндегі жұмыстарын жалғастыру.

10. ТжКББ ұйымдардың оқу процесіне WorldSkills бағалау жүйесін одан әрі енгізу бойынша жұмысты жалғастыру.

11. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізуге дайындық жұмыстарын жүргізу.

12. Түлектердің кәсіби дайындық сапасына жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейін анықтау бойынша сауалнама жүргізу.

13. Дуальді оқытумен қамтылған студенттердің 20% - дан 23% - ға дейін үлесін арттыру бойынша шаралар қабылдау.

14. Шығармашылық бастамалар арқылы студенттерді кәсіпкерлік қызметке тарту бойынша жұмыс жүргізу.

15. Барлық мемлекеттік колледждерде жұмысқа орналастыру және Мансап орталықтарын құру бойынша әдістемелік көмек көрсету.

16. Колледждер базасында студенттердің кәсіби, көшбасшылық және әлеуметтік-басқарушылық құзыреттерін дамыту.

17. ТМД елдерімен және алыс шетелдермен (Германия, Финляндия, Түркия, Ресей, Белоруссия) тәжірибе алмасу жолымен ТжКББ саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

18. Колледждердің ОЖБ біліктілігін, оның ішінде IT және тілдік құзыреттілігін арттыру және өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіпорындарда тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету.

19. Жалпы білім беретін мектептердің оқушыларымен және олардың ата-аналарымен бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы облыс экономикасы талап ететін кәсіптер мен мамандықтар алуға бағытталған кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу.

20. Облыстық құрамаға қатысушылар мен сарапшылардың кәсіби және тілдік даярлық деңгейін арттыру жолымен «WorldskillsKaraganda - 2022» өңірлік чемпионатын ұйымдастыру және өткізу жүйесін жетілдіру бойынша ТжКББ мамандықтарын танымал етуге ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

21. Студенттер мен мектеп оқушыларын WorldSkills, DeafSkills және Abilimpics, ZhasSkills қозғалыстарына кеңінен тартуды қамтамасыз ету.

22. WorldSkills бағалау жүйесін оқу процесіне енгізу бойынша колледждерде әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру.

23. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым» грантын беруге арналған облыстық конкурс өткізу.

24. Облыстың ТжКББ ұйымдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру.

25. Рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық, адамгершілік-жыныстық тәрбиелеуге, студенттердің бойында белсенді азаматтық ұстанымды, парасаттылықты қалыптастыруға, киберқауіпсіздікті,

кибергигиенаны, киберкультураны, репродуктивті денсаулығын нығайтуға бағытталған іс-шараларды өткізу.

26. «Zhastar KZ», «Колледждердің Топ 100 студенті» жобаларын іске асыруды одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау.

27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру, «Саналы ұрпақ» клубтарының жұмысын жандандыру.

28. «Жігер» студенттік қозғалысының, «Жас сарбаз» клубының, «Қоғамға қызмет» волонтерлік қозғалысының (оның ішінде «Ақылды волонтерлік»), «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысының жұмысы арқылы студенттерді қоғамдық өмірге тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру.

29. Колледждер мен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын енгізуді, оның ішінде «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Жеңгелер мектебі», «Ағалар мектебі», «Педагогикалық консилиум» және т.б. жобаларды іске асыру арқылы қамтамасыз ету.

30. Мүдделі органдармен бірлесіп білім алушылар арасында құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың, суицидтердің, діни экстремизм мен терроризмнің, нашакорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, АИТВ-инфекциясының алдын алу жөніндегі жұмысты жалғастыру.

31. Ақпараттық білім беру ортасында студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.

32. Білім беру процесіне қатысушылардың барлығының антитеррористік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.

Білім беру мазмұнының стратегиялық дамуы және талдау бөлімінің міндеттері

1. Облыстық эксперттік кеңесі жұмысының ұйымдастыру жағдайларын қамтамасыз ету, көп кезенді тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыруға және білім беру ұйымдарының білім беру қызметінің деңгейін және педагог кадрлардың шығармашылық әлеуетін бағалауға жәрдемдесу.

2. Мұғалімдердің педагогикалық қызметінің ғылыми-әдістемелік деңгейін жетілдіру мәселелері бойынша бірлескен жұмысқа ғылыми-педагогикалық күштерді тарту (ынтымақтастық, басшылық, консультация беру құқығында).

3. Облыстық эксперттік кеңесінің қарауына әдістемелік өнімді ұсынуда облыс педагогтеріне консультациялық көмек көрсету.

4. Жаңартылған аттестаттау ережелеріне сәйкес аттестаттаудан өту мәселелері бойынша облыс педагогтерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

5. Аттестатталатын педагогтер қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау жөніндегі облыстық сараптама кеңесінің жұмысын қамтамасыз ету.

6. Аттестатталатын педагогтер қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау мәселелері бойынша облыстық сараптамалық кеңес

мүшелеріне әдістемелік сүйемелдеуді және консультация беруді ұйымдастыру.

7. Педагогтерді аттестаттау мәселелері бойынша оқыту, вебинар, семинарлар өткізу.

8. «Үздік педагог» республикалық байқауының облыстық кезеңін, «Жыл мұғалімі» облыстық байқауының іріктеу және финалдық кезеңдерін өткізу.

9. Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмысын ұйымдастыру.

10. Облыстық және республикалық жобаларды іске асырудың, эксперименттік білім беру бағдарламаларын іске асырудың мониторингін жүргізу, дерекқорларын жаңарту.

11. Қарағанды облысында «Білімал ПедАтт» АБЖ одан әрі ұйымдастыру және жаппай енгізу үшін әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру.

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК 2022 жылға арналған негізгі іс-шаралары

№	Іс-шара атауы	Өткізу күні
1.	«Roboland – 2022» Халықаралық фестивалі	Наурыз
2.	Тарих пәні мұғалімдерінің республикалық форумы	Ақпан
3.	«Болашаққа билет» кәсіптік бағдар беру бойынша республикалық форумы	Сәуір
4.	«Акселеу Сейдімбек мұрасы және Тәуелсіздік» атты Акселеу Сейдімбектің 80 жылдығына орай республикалық ғылыми-практикалық конференциясы	Қараша
5.	Қарағанды облысының білім қызметкерлерінің тамыз конференциясы	Тамыз
6.	«Математика айналамызда» математикалық сауаттылық апталығы	Қаңтар
7.	«XXI ғасыр-сауатты ұрпақ ғасыры!» оқырмандық сауаттылық апталығы	Қаңтар
8.	Облыстың ТЖКБ ұйымдарындағы функционалдық сауаттылық апталығы	Ақпан-маусым
9.	«Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығы	Ақпан
10.	«Дені саудың – жаны сау» дене сауаттылық апталығы	Ақпан
11.	«Қаржы әлемі» қаржылық сауаттылық апталығы	Ақпан
12.	«Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығы	Наурыз
13.	«XXI ғасыр-сауатты ұрпақ ғасыры!» оқырман сауаттылығы апталығы	Наурыз
14.	«Көптілділік-болашаққа бастар жол»жаратылыстану-ғылыми сауаттылық апталығы	Сәуір
15.	«Жасыл Қазақстан» экологиялық сауаттылық апталығы	Сәуір
16.	Эстетикалық сауаттылық апталығы	Қазан
17.	Тарихи сауаттылық апталығы	Қараша
18.	V педагогикалық идеялар жәрмеңкесі	Қаңтар
19.	Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің облыстық форумы	Қаңтар
20.	Қарағанды облысының жетекші және серіктес мектептерінің мұғалімдеріне арналған «Сабақты зерттеу» (Lesson Study) және «Өрекеттегі зерттеу»облыстық конкурсы	Қаңтар-ақпан
21.	Қарағанды облысының оқушыларына арналған облыстық Хакатон	Ақпан
22.	Орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің облыстық форумы	Ақпан
23.	«Жастар - шағын бизнеске» облыстық қашықтықтан бизнес-идеялар байқауы	Ақпан
24.	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің «Идеялар кемпірқосағы» облыстық кәсіби шеберлік байқауы	Ақпан-наурыз
25.	«Үздік дене шынықтыру мұғалімі - 2022» облыстық байқауы	Ақпан

26.	«Үздік дене шынықтыру оқытушысы - 2022» облыстық байқауы	Ақпан
27.	«web-шебер» жобасы аясында облыстық байқауы	Ақпан-наурыз
28.	«Болашақ инженерлері» жобасы аясында инженерлік үш өлшемді компьютерлік модельдеуден облыстық чемпионат	Ақпан-наурыз
29.	Қосымша білім беру педагогтері арасындағы «Шабыт шаттығы» облыстық конкурсы	Ақпан-қараша
30.	Аудандық және қалалық әдістемелік кабинет әдіскерлерінің арасындағы «Жыл әдіскері» республикалық конкурсының облыстық кезеңі	Ақпан-қазан
31.	Математика, физика, химия және биология мұғалімдеріне арналған «Педагогикалық идеялар» әдістемелік өнімдерінің облыстық конкурсы	Ақпан-сәуір
32.	«Үздік авторлық бағдарлама» республикалық байқауының облыстық кезеңі	Наурыз
33.	«Үздік тәлімгер – 2022» облыстық тәлімгерлік шеберлік байқауы	Наурыз
34.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үздік авторлық бағдарламасы» облыстық байқауы	Наурыз
35.	«1200000 - өндіру, монтаждау, пайдалану және жөндеу» мамандығы бойынша жыл сайынғы облыстық макеттер, стендтер, модельдер байқауы	Наурыз
36.	«Болашаққа Билет» форумы аясында «Үздік кәсіби бағдар беруші» облыстық байқауы	Наурыз-сәуір
37.	«Болашаққа Билет» форумы аясында «Оқушылардың бизнес стартап-жобалары» облыстық байқауы	Наурыз-сәуір
38.	«Болашаққа Билет» форумы аясында «Жаңа мамандықтар атласы» облыстық бейнероликтер байқауы	Наурыз-сәуір
39.	«Үздік алғашқы әскери және технологиялық дайындық мұғалімі - 2022» облыстық байқауы	Наурыз
40.	«Шабал Бейсенбекова оқуы - 2022» облыстық педагогикалық оқулары	Наурыз
41.	«Инклюзивті білім беру тәжірибесі: мектеп пен ТЖКБ арасындағы үздіксіздік және сабақтастық» II облыстық ғылыми-практикалық конференция	Наурыз
42.	«Үздік тарих пәні мұғалімі» облыстық байқауы	Наурыз
43.	«Абайтану және Абайтанудың бүгінгі мәселелері» проблемалық курсы	Наурыз
44.	Қарағанды облысының оқытушыларына арналған облыстық Хакатон	Наурыз
45.	«Үздік педагог» республикалық байқауының облыстық кезеңі	Наурыз-мамыр
46.	Оқу-әдістемелік орталықтың 10 жылдығына арналған іс-шаралар	Наурыз-қараша
47.	«WorldSkills Karaganda» аймақтық чемпионаты	Сәуір
48.	Қ. Бітібаева атындағы облыстық панорамалық сабақтар байқауы	Сәуір
49.	«Шығармашылық кітапханашы - 2022» облыстық байқауы	Сәуір-мамыр
50.	«IT-эксперт» жобасы аясында облыстық байқауы	Сәуір
51.	«Талапкерге – 2022» облыс колледждерінің кәсіптік бағдар беру жарнамасының жыл сайынғы облыстық байқауы	Сәуір

52.	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының «Көрпест» челленджи	Сәуір
53.	«Көптілділік-болашаққа бастар жол» облыстық фестивалі	Сәуір
54.	«Көп тілді меңгерген мұғалім» облыстық байқауы	Сәуір
55.	«Абай оқулары» облыстық байқауы	Сәуір
56.	Білім беру ұйымдары кітапханашыларының II облыстық форумы	Сәуір
57.	«Туған өлке сырлары» облыстық форумы	Сәуір
58.	«XXI ғасыр дағдылары» педагогикалық қызметкерлердің ғылыми-практикалық конференциясы	Сәуір
59.	Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, профессор Қасейінов Дүйсен Қорабайұлының 75 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция	Сәуір
60.	«Қашықтан BOOM» жобасы аясында IT-бағыты бойынша қашықтықтан өтетін облыстық байқауы	Мамыр
61.	AgroSkills и JasAgroSkills» аймақтық чемпионаты	Мамыр
62.	«Ұлы дала мұрагерлері» облыстық форумы	Мамыр
63.	«Зейін» жобасы аясында облыстық фестивалі	Мамыр
64.	«Еркін елдің ұланымыз!» облыстық акциясы	Мамыр
65.	Студенттер мен оқушылар арасында «Студенттік хоббиден табысты бизнеске дейін» IV облыстық дайын өнімдер жәрмеңкесі	Мамыр
66.	«Оқырман отбасы» (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары) облыстық байқауы	Мамыр-маусым
67.	«Өркен» Қарағанды облысы педагогтары қауымдастығының және жас педагогтардың жазғы лагері	Маусым
68.	«Тілдес! Құр! Қолдан!» Жас педагогтардың педагогикалық шеберханалар фестивалі	Маусым
69.	Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған облыстық ғылыми-практикалық конференция	Қыркүйек
70.	«Digital day» инновациялық педагогикалық тәжірибе алмасу күні	Қыркүйек
71.	«Тіл – кемел болашақ тұғыры» Қазақстан халқы тілдері күні	Қыркүйек
72.	Тарих және география пәні мұғалімдерінің авторлық бағдарламалары мен әдістемелік құралдарының облыстық байқауы	Қыркүйек-желтоқсан
73.	«Ұлы дала ұстаздары: Ұрпақ сабақтастығы» облыстық дөңгелек үстел	Қазан
74.	«Үздік психолог – 2022» республикалық байқауының облыстық кезеңі	Қазан
75.	Студенттерге арналған «Хакатон - бағдарламалау марафоны» облыстық байқауы	Қазан
76.	Оқытушыларға арналған «Хакатон - бағдарламалау марафоны» облыстық байқауы	Қазан
77.	«Үздік өзін-өзі тану мұғалімі» республикалық байқауының облыстық кезеңі	Қазан
78.	Математика, физика және информатика мұғалімдерінің республикалық шығармашылық конкурсының облыстық кезеңі	Қараша

79.	Мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарына арналған «Педагогикалық идеялар панорамасы» бейне-сабақтар және бейне-дәрістер республикалық конкурсының облыстық кезеңі	Қараша
80.	«Мұражайларға виртуалды экскурсиялар» байқауының финалдық кезеңі	Қараша
81.	Жас педагогтардың IV облыстық форумы	Қараша
82.	«Жыл мұғалімі» облыстық байқауы	Қараша-желтоқсан
83.	«Бір отбасы – бір кітап» акциясы аясында Отбасы күніне арналған облыстық форум	Мамыр
84.	«Жігер» жастар қозғалысының облыстық форумы	Желтоқсан
85.	«Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясы аясында ата-аналарға арналған «Оқырман отбасы» байқауы	Желтоқсан
86.	Колледж студенттері арасындағы ұлттық мәдениеттердің облыстық фестивалі	Желтоқсан
Оқыту семинарлары, кәсіптік өсу мектептері		
87.	«Болашақ басшы» директорлар кадрлық резервінің оқыту курсы	қаңтар, наурыз, мамыр
88.	«ТЖКБ ұйымдарында демонстрациялық емтихан өткізу ерекшеліктері» оқыту семинарлары	ақпан
89.	ТЖКБ ұйымдарының инженер-педагог қызметкерлерін цифрлық сауаттылыққа оқыту	мамыр-сәуір
90.	Қысқы, көктемгі, жазғы, күзгі мектептер	жеке жоспар бойынша
91.	«Жаһандық құзыреттер» курсы шеңберіндегі оқыту семинарлары	жеке жоспар бойынша
92.	«Халықаралық зерттеулер» бағыты шеңберіндегі оқыту семинарлары	жеке жоспар бойынша
93.	«Зейін» жобасы аясындағы оқыту семинарлары	жеке жоспар бойынша
94.	«Шеберлік шыны» тәлімгерлер курсы	жеке жоспар бойынша
95.	«Оқуға құштар мектеп» бағыты шеңберіндегі оқыту семинарлары	жеке жоспар бойынша
96.	Инклюзивті білім беру бойынша оқыту семинарлары	жеке жоспар бойынша
97.	«Болашақ инженерлері», «Қашықтықтан оқыту BOOM», «Цифрлық әлемге қадамдар», «Web-шебер», «Білім беру робототехникасы», «IT-сарапшы» жобалары шеңберінде оқыту семинарлары	жеке жоспар бойынша
98.	«Жас әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» оқыту (ТЖКБ)	қазан, қараша

99.	«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша онлайн оқыту курсы	қараша	
100.	ТжКБ ұйымдары директорларының кадрлық резервін оқыту курсы	Қараша	
Білім басқармасының алқа мәжілістерінде қаралатын мәселелері			
Сұрақтар	Орындау мерзімдері	Орындау үшін жауапты	Аяқтау формасы
«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының орындалу барысы туралы	маусым	Абдикерова Б.Х. Мукашева Г.Г.	анықтама, хаттама

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Жауапты	Аяқтау формасы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтарын іске асыру				
1.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары	қажеттілігіне қарай	Мукашева Г.Г. Копбаева Г.С. Сарсекеева Г.С. Нартова Т.Г. Аринов Е.Р.	ББ-не ақпарат
2.	ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығы	белгіленген мерзімде	Копбаева Г.С.	ББ-не ақпарат
3.	«Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 18 қаңтардағы №40 бұйрығы	қажеттілігіне қарай	Мукашева Г.Г. Копбаева Г.С. Сарсекеева Г.С. Нартова Т.Г. Аринов Е.Р.	ББ-не ақпарат
4.	ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы №384 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы	қажеттілігіне қарай	Нартова Т.Г. Кнашина А.А.	ББ-не ақпарат
5.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу	қажеттілігіне қарай	Сарсекеева Г.С. ОӘО әдіскерлері	ББ-не ақпарат

	бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы (жаңа редакцияда-ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.11.2021 № 561)			
